

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҮЕВА А., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

*М.Е. ӘДІЛОВ¹ М. ЕКИЖИ² Б.С. ЖИЕМБАЙ³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан¹Эгей университеті, Измир, Түркия²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан³(e-mail: m.adilov@abaiuniversity.edu.kz¹, mekici@yahoo.com²,
bibigul@mail.ru³)***АЛАКӨЛ АТАУЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ: БАЛАМА
КӨЗҚАРАСТАР МЕН ЖАҢА ТОПОНИМДІК ТАЛДАУ АСПЕКТІЛЕРІ**

Аңдатпа. Жер-су атауларының тарихы, түп-төркіні мен этимологиясы – топонимика саласындағы ең күрделі мәселелердің бірі. Бір ғана атаудың төркіні туралы сөз қозғалғанда он түрлі, я болмаса жиырма түрлі ғылыми тұжырымдар мен талдаулар ұсынылады. Деректердің көп болғаны соншалық, тек «қазақ» атауына қатысты талдаулардың өзі жүзден асады. Қазақ сөзінің этимологиясының өзіне жеке бір монография жазылғаны белгілі. Түпкі мағынасы әбден түсінікті болып көрінгенмен қарапайым атауда түпкі сыр жатады. Алакөл гидронимінің семантикасы анық деп саналғанмен оның тарихына қатысты көптеген жаңа ғылыми пікірлер мен тұжырымдар айтылған. Ұсынылған талдаулардың барлығы алуан түрлі, қорытындылар мен тұжырымдар бір-бірінен алшақ. Сөздің шығу төркінін талдауда ең танымал тұжырым бойынша «ала» деген түс атауымен байланысты делінсе, екінші бір топ оны «ұлы» сөзінен өзгерген «ала» сөзі деп табады. Мақалада Алакөл атауы туралы жан-жақты талданған деректер беріледі. Осы күнге дейін жасалған талдаулардың ғылыми негізділігі қосымша мысалдар мен фактілермен негізделеді. Алакөл атауының шығу тарихына қатысты жаңа дәлелді ұсыныстар да келтіріледі. Сондай-ақ, зерттеуде түр-түстердің атау ғылымындағы орны, түркі тілдерінде түстердің қосымша семантикасы және «ала» түсінің түркі тілдеріндегі мағыналары талданады.

Түйін сөздер: Алакөл, түстер семантикасы, ала түсі, жер-су атаулары, гидронимдер.

Кіріспе. Қазақ тіліндегі көне сөздер мен пассив лексиканың, кісі есімдері мен жалпы қолданыстағы сөздердің, сонымен бірге жер-су атаулардың шығу тегін, бастапқы түбірін ашатын лексикологияның өзекті саласы этимология екені белгілі. Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулер «халықтық» және «ғылыми» болып бөлінеді. Топонимикалық атауларға келгенде *қазақ* «хас – сақтан», *Кереку* – «керегеден», *Осакаровка* – «аса қарлыдан» келді дегендей қазіргі күні терең дәлелдеусіз бірақ «қызықты» халық этимологияларымен көп ұшырасқанымызбен, ғылыми дәлелді, лингвистикалық талдаулардан тұратын этимологияларды сирек кездестіреміз. Бұл құбылыстың өзі ғылыми тұрғыдан қарастырылып, С.Булатова «Явления народной этимологии в казахском языке» атты диссертация дайындаған. Бұнымен қазақ тілінде сөздердің шығу тарихына қатысты зерттеулер шықпады деген сөз шықпау керек. Керісінше тілдің бұл саласында жетістіктер едәуір көп.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын қаржыландыратын BR24992981 «Алакөлдің табиғи, тарихи-мәдени ландшафтық әлеуетін кешенді талдау және рекреациялық туризмді дамытудың тиімді тетіктерін әзірлеу» бағдарламасы аясында әзірленген.

Қазақлингвистикасындағы сөз тәркіні жөніндегі талдаулардың басы қазақ тілі жөніндегі алғашқы еңбектерден басталады. Кеңес кезеңіне дейін шыққан еңбектердің ішіндегі ең бағалыларының қатарында П.М. Мелиоранский дайындаған «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты көлемді еңбегі бар. Бұл кітаптың этимология бөлімінде сөз тәркіндеріне қатысты деректер келтірілген. Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық ізденістер, лингвистикалық, тарихи дәлелді зерттеулермен Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, С. Исаев, Е. Жанпейісов, Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрмағанбетов, О. Нақысбеков, С. Омарбеков, Ғ. Қалиев, Л. Рүстемов, А. Құрышжанов, А. Ысқақов, М. Томанов, А. Ибатов, Б. Сағындықұлы, т.б. ғалымдар тұрғаны белгілі. Олар өз ғылыми жазбаларында жер-су атаулардың тарихын да жазған, мәселен Ғ. Мұсабаевтың 1946 жылы «Маңғыстау сөзінің этимологиясы» атты құнды мақаласы жарияланған. Сол сияқты А. Нұрмағанбетовтің 1994 жылы «Жер-судың аты – тарихтың хаты» атты кітабы жарық көреді. Топонимикалық атаулардың шығу тегіне келгенде А. Абдрахманов тілге оралады. Ғалымның 1959 жылы шыққан «Қазақстан жер-су аттары» монографиясында Қазақстан ірі қалалары, елді-мекендері, аудандары, аудан орталықтары мен темір жол станцияларын қатар алғанда 800-ден астам жер-су атауларына топонимикалық анализ жасалған. Ғалым 1975 жылы жариялаған «Топонимика және этимология» атты кітабында этимологиялық зерттеу әдістері көрсетіліп қана қоймай, еліміздің 140-тан астам жер-су атауларының шығу тәркіні талданып анықталған [1, 58]. Т. Жанұзақовтың осы салаға бүкіл саналы ғұмырын арнағанын «Тарихи жер-су атауларының түп-төркіні», «Қазақ ономастикасы», «Қазақстан географиялық атаулары» атты еңбектері мен көптеген ғылыми мақалаларынан белгілі [2, 524]. Жер-су атауларының тарихына қатысты зор үлес қосқан зерттеушілердің қатарында Е. Қойшыбаев бар. Ғалым топонимдердің этимологиясын анықтаумен айналысып, Қазақстан топонимикасының қысқаша этимологиялық сөздігін екі тілде құрастырып шықты. Сөздікке 2000-нан астам географиялық атаудың қысқаша ғылыми анализдері кірген [3, 275].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында жер-су атауларына қатысты түркі тілдеріндегі, қазақ тілінде және орыс тіліндегі әдебиеттер басшылыққа алынды. Әсіресе топонимикалық атаулардың этимологиясына байланысты жазылған ғылыми мақалалар мен монографиялар сарапталды, тікелей осы тақырып бойынша деректер мақалаға қосылды. Нысана етіп алынған жер-су атауының семантикасы түспен байланысты болғандықтан, түр-түс атауларының түркі топонимикасындағы қызметі сараланып зерттелді. Зерттеу кезінде негізінен тіл біліміндегі салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы әдістер қолданылды. Алакөл және ала сөзіне қатысты бұған дейін жазылған тұжырымдар мен пікірлер және ғылыми ұсыныстар салыстырмалы түрде сараланып, олардың қысқа анализдері және қосымша дәлелдер мен пікірлер ұсынылды.

Ұсынылып отырған мақаланың негізіне BR24992981 «Алакөлдің табиғи, тарихи-мәдени ландшафтық әлеуетін кешенді талдау және рекреациялық туризмді дамытудың тиімді тетіктерін әзірлеу» бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде алынған эмпирикалық деректер мен материалдар алынды.

Қазақ топонимикасын зерттеу ерте дәуірлерден басталады. Қазақ даласын зерттеген шетелдік саяхатшы, этнограф, фольклорист ғалымдар өз жазбаларында қысқа болсын барған жерлердің қысқаша тарихына, көрген елді мекендердің атауына тоқталып кетіп отырған. XX ғасыр басындағы қазақ оқығандары да қысқаша кейбір атаулардың шығуына мән берген. Жер-су атаулары жөніндегі ғылыми тұжырымдар Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов Б. Аспандияровтың еңбектерінде де ұшырасады. Жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан зерттеп, көлемді еңбектер кеңестік дәуірде жалғасын табады. Алғашқы көлемді топонимдер сөздіктерінің авторлары Ғ. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаевтар, этимологиялық сөздіктердің авторлары А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов екендігі белгілі. Топонимдерді лексика-семантикалық тұрғысынан зерттеп, тіл білімінің негізгі зерттеу нысанына айналдырған зерттеушілердің ішінде Ж. Манкеева, Е. Жартыбаев, Ұ. Ержанова, Э. Орынбатова, Е. Керімбаев, Ғ. Ермекбаев А. Арысбаев, Б. Әбдуәлиұлы, А. Әлімхан,

Д. Бикенов, Г. Сағидолда, А. Бекмешев, Б. Бияров, Г. Джумадилаева, Ғ. Еремекбаев, Ш. Сейітова, Ж. Исмаилова, З. Құламанова, А. Мақұлбек, Б. Тасболатов және басқа да ғалымдардың есімі аталады. Топонимдердің семантикалық, морфологиялық, фоносемантикалық қырлары А. Мақұлбек, А. Әбдрахманов, Қ. Рысберген, сөзжасамдық қырлары Б. Бияров, Б. Қасым, Ж. Бұғыбаева сынды ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапты. Топонимдерді зерттеу әр өңір бойынша да жалғасуда. Солтүстік Қазақстан елді мекен атауларын О. Сұлтанияев, Қ. Сапаров, Оңтүстік Қазақстан топонимдерін Қ. Рысберген, Батыс Қазақстан Ұ. Ержанова, Орталық Қазақстан А. Жартыбаев, Шығыс Қазақстан Б. Бияров лингвистикалық тұрғыдан зерттеген. Шығыс Қазақстан аймағындағы топонимдерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған Б.Бияровтың еңбегінен кейін де біршама еңбектер жазылып келеді. Мәселен, тікелей тақырыпқа қатысты Шығыс Қазақстан аймағындағы атаулардың тарихы мен шығу тегіне байланысты тілдік бағыттағы көлемді мақалалар әсіресе соңғы төрт-бес жылда жариялануда. Солардың қатарында А. Аскерханованың «Шығыс Қазақстан өңірі топонимиялық кеңістігіндегі ұлттық негіз», А. Әлімханның «Шығыс Қазақстан топонимиясындағы орыс тілі қабаты», Ш. Сейітовалардың (бірнеше автор) «Абай ауданы жер-су атауларының ерекшелігі», «Тарбағатай ауданы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі», «Аягөз өңірі топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени негіздер», «Үржар ауданы топонимикалық жүйесінің тілдік қабаттары тарихи-лингвистикалық аспектіде», «Гидроним атауларының семантикалық құрамы», А. Доскеевалардың «Салыстырмалы аймақтық ономастика кеңістігі», М. Мамышевбалардың «Бөрітастаған» топонимінің этномәдени негізі», «Тарбағатай аймағының топонимдік аңыздары», «Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы», А. Картаевалардың «Шығыс Қазақстан облысы жер-су атауларының лингвоелтанымдық сипаты», А. Алимхандардың «Шығыс Қазақстан топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты» мақалалары құнды.

Шығыс өңірінің топонимикасына қатысты ғылыми еңбектер мен монографиялар және сөздіктер арасында: Ф. Ахметжанова мен А. Әлімханның «Қазақ шығысының жер-су аттары», Б. Бияровтың «Өр Алтайдың жер-су аттары» кітаптары бар. Б. Бияров бастаған бірнеше автордың «Шығыс Қазақстан топонимдерінің этимологиялық сөздігі», А. Әскерхановалардың «Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық негіз», С. Итеғұлова, Д. Жарылғасын құрастырған «Шығыс Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары», Ш. Сейітованың «Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі», «Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі», «Аягөз ауданы жер-су атауларының сөздігі», «Үржар ауданы жер-су атауларының сөздігі», Ш. Сейітова бастаған бірнеше автордың «Тарбағатай ауданы жер-су атауларының сөздігі», «Шығыс Қазақстан топонимдерінің тарихи-лингвистикалық, этимологиялық, этнолингвистикалық ерекшеліктері», Ф. Гайнуллина, т.б. авторлардың «Алтай ауданы жер-су атаулары» сөздігі, «Глубокое ауданы жер-су атаулары сөздігі», А. Алимхан мен Ж. Қайырбаеваның «Шығыс Қазақстан ономастикасы» деп аталатын соңғы кездері шыққан еңбектермен бірге М. Мамышева «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» мен Г. Ахметованың «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі» атты PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялары жазылды.

Талқылау мен бақылау. Алакөл – Қазақстанның Шығысындағы ірі көлдердің бірі. Көлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды. Энциклопедияларда Алакөлдің ертеде «Гургенор», «Түрге-Нор», кейін «Алақта», «Алақтакөл», «Алатеңіз» деп аталғаны, ал халық аузында бір кездері «Итішпес» делінгені жазылған. Алакөлдің айналасында «Қошқаркөл, Сасықкөл, Қоржынкөл, Ертой, Қылытүз» көлдері бар екені белгілі. Мұншама алуан атаулардың ішінде халық арасында кең таралып, әбден орныққаны Алакөл атауы. Десек те Алакөл атауындағы *ала* сөзімен байланысты жер-су атаулары ерте дәуірлерден бері бар, мәселен XI ғасырдағы Мақмұт Қашқаридің сөздігінде *Ала* «Ферғана аймағындағы жайлау аты»; *Ала Йығач* «шекараға жақын жер атауы» [4, 547] секілді топонимдер тіркелген.

Алакөл аты тым қарапайым атауға ұқсағанмен оның төркініне қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың пікірі мен тұжырымдар сан алуан, сондықтан әлі күнге дейін оның әбден дәлелденіп, қабылданған тұжырымды этимологиясы жоқ десе болады. Гидронимнің семантикасына қатысты ұсынған дәлелдемелердің барлығы орынды, әрқайсысы шындыққа жанасады, уәжді, дәлелді көрінеді. Солардың ішінде бірінші тұжырым:

«Көл суының түсін алғаш рет қарағанда анықтау қиын, өйткені ұсақ көлдердің түсі алуан түрлі болады. Айталық, Сасықкөл көгілдір түсті, Қоржынкөл – сұрғылт, Қылытүз – сары болады, сондықтан Алакөлді жергілікті тұрғындар көлді пішінінің, түсінің, көлемінің әр түрлі болғаны үшін «Алакөл» деп атап кеткен» пікірі кең таралған. Бұл пікірге қосылмауға мүмкін емес. Осы ұстанымды ономаст ғалым Теләужа Жанұзақтың өзі қолдайды:

«Біздің байқауымызша Алакөл құрамына енетін көлдердің географиялық табиғи бітім-пішімдері әртүрлі және суларының түр-түстері ала-құла, алуан түсті. Осы жағдайды жете білген халық көл атын Алакөл деп орынды атаған» [5, 36].

Ала сөзі тек Алатау және Алакөл топонимдерде ғана емес, Алшын атауында сақталғанын Т. Жанұзақ дәлелдейді: «Этноним алшын в исторических источниках встречается в различных формах: алшын, алачын, алачен, алазын. Н. Аристов сопоставлял его с восточным бома или пома «пестрый народ». Эту точку зрения поддерживает Ю. Зуев, по мнению ученого бома является китайским переводом этнонима «пегий конь». Впоследствии этот термин распространился в формах: алачи, алак-булак, алка-булак, булакай, алан, ала-чин» [2, 205].

Ғалым Геродоттың жазбаларында тіркелген Алазон атты сақ тайпаларының Алшын атауымен төркіндес, яғни екеуінде *ала* сөзі бар екенін ескертеді: «По нашему мнению, этноним алшын является усеченной видоизменной формой названия алазон. Древнее племенное название алазон состоит из двух самостоятельных компонентов. Его первый компонент *ала* встречаем как детерминатив во многих этнонимах и топонимических названиях в алтайских и древнетюркских языках; например Аладағ (шор), Ала яр (алтай), Алатоо (киргиз), Алашехир (у османских тюрков), Ала чаам (название округа)» [2, 205].

Алакөл орысша «пестрое» қазақша «ала» түс атауымен байланысты екені Конкашпаев сөздігінде де тіркелген [6, 19].

Түспен байланыстылығына қатысты қосымша дәлел ретінде көлдің табиғатынан немесе табиғи құбылысынан байқаймыз:

«Алакөл – толқын болғанда көлдің ақшыл және күңгірт көруінен ала делінген немесе әртүрлі минералдық заттар мен тұздың көп болуынан тарғылданып жататын болғандықтан аталған» [7, 71].

Алакөлдің ертеректе Алактагол, Алатеңіз, Алакта деп те аталуы оның *ала* сөзінен келгеніне күмән туғызбайды. Алакөл атауының көне нұсқасы Алакта немесе Алактаголді моңғол тіліндегі *ала* сөзінің фонетикалық варианты *алаг* тұлғасымен байланыстыра аламыз, оны сол тілмен қатыстылығын да жоққа шығаруға болмайды, себебі әсіресе Шығыс Қазақстан, Жетісуда түркі-моңғолға ортақ көне атаулар жиі кездеседі. Алакөлдің көлдер қатарына кіретін тек Қылытүз деген атаудың өзің алсақ, оның құрамындағы *қылы* деген тұлға түркі тілдеріндегі «қызыл» түсінің прототүркі, көне алтай тілдеріндегі нұсқасына жатады. Сондықтан моңғол тілінде ол сөз бар болса бірден моңғолдан келді деп айтуға асықпаған жөн, сол сөзді прототүркі немесе ғұн, сақ дәуіріндегі формасы деп қабылдау қажет, ал сол сөздер көне дәуірде моңғол мен түркіге ортақ болған. Алак (алаг) пен ала мәселесінде де сол, *ала* сөзі өте ертеде *алаг* болып айтылып, түркі тілдерінде *ала* болып өзгерсе, моңғол тілінде көне формасында сақталған.

Топонимнің *ала* түсіне қатыстылығына тағы бір дәлел мысалын айтар болсақ, оның синонимі *шұбар* сөзі жер-су атауларында кездеседі: Шұбаркөл, Шұбартау, Шұбар, т.б. Солтүстік Қазақстанда «қайыңды көк теректі шоқтар» шұбар болса, Жетісуда, Алакөл маңында «құрғақ сортаңдарды» шұбар деп атайды. Сондай-ақ Кербұлақ, Қасқасу атауларындағы кер, қасқа, боз атаулары осы түске жақын.

Алакөлдiң төркініне қатысты екінші ұстаным бойынша «Алакөл» «ұлы көл» деген мағына береді». Көлдiң атауы о баста «Ұлы көл» деп аталып, тiлдiң фонетикалық даму заңдылығымен Ала+көл деп өзгеруі қисынды. Осы тұжырымды Еркебай Қойшыбаев өз зерттеу кітабында «Алатаудағы ала сөзінiң төркіні аралас түске қатысты емес ұлу немесе оло сөзіне апарып тірейді де Алакөлдiң де соның жалғасы болғандықтан, Ұлыкөл атауынан келгенін жазады [8, 40].

И. Сергеев Алакөл деп аталуында Алатаудың әсері, яғни соның жалғасы болғандықтан қойылған деп ойлайды, осы пікірді негізге ала отырып, Е.Қойшыбаев екінші ұсынысында Алакөлдi Ұлытаумен байланыстырып, тау көлі болуы керек деп айтады: «Алаколь по народной этимологии воспринимается как пестрое озеро. По И.Сергееву название озера Алаколь произошло очевидно от имени горного хребта Джунгарского Алатау, у подножия которого лежит озеро. Таким образом И.Сергеев раскрывает здесь еще один смысловой оттенок определительного компонента ала, что дает возможность вывести этимологию Алаколь из тюрко монгольского симбиоза горное озеро» [3, 30].

Ғалым сөзін жалғастыра келіп, түстердің жер-су атауларында белгілі бір семантика үстейтінін атап өтіп, ала-ның да қызметін атап көрсетеді: «Выяснилось что цветные прилагательные часто выступают в нецветовых значениях. Так слово ала «пестрый» в многочисленных топонимических названиях Казахстана выступает и в значениях «великий» или «гора» [3, 8].

Сол секiлдi автор алақұдық атауы да «тау құдығы» дегенді бiлдiретiнiн алға тартады, Алатау да солай ала тау, яғни екi синонимдес тау және ала сөздерінен құралған деп есептейді. Аламан да «тау тұрғыны» дегеннен келді деп санайды. Ал Алатау «Ұлытау» дегеннен өзгерді деп тұжырымдайды. Шынында көне түркілер Тәңіртау деп атаған ұлы тауды құр түспен атай салуы мүмкін емес көрінеді.

Атаулар құрамындағы ала сөзін Т. Жанұзақ ұлы сөзімен де байланыстырған, тіпті зерттеуші түркі тілдерінен ақылға қонымды дәлелдемелер келтіреді: «Слово ала во многих тюркских языках встречается в значениях «большой», «громadный», «великий»; например: башк. оло, якут. улахан, каз., кирг., ұлы «великий». Топонимические названия с компонентами ала в казахском языке также выступают в значениях «великий» или «гора». Например: Алатау, Алакөл, Алаарша» [2, 206].

Түсініксіз немесе айтылуы қиын сөздердің ауысып, қазіргі кездегі түсінікті сөздерге өзгеріп кететіні сияқты «ұлы көл» атауынан «ала көл» деп өзгергеніне сенуге болатындай. Дегенмен, атау ғылымы мамандары бұл ұстанымды қолдай бермейді: «Алакөл атаудың мағынасы жайлы Е. Қойшыбаевтың «Ала-көл» «Ұлы көл» немесе одан көне «Тау көлі» деген түсінігі әлі де толықтыра түсуді қажет етеді» [5, 36].

Алакөл тек Қазақстанда емес бүкіл түркі халықтарында кездесетін әмбебап атау, батыстағы Әзербайжан, Иран, Түрікменстан, Әзербайжан, Түркияға дейін Alagöl деген топонимдер жиі ұшырасады.

Әзербайжан тілінің этимологиялық лұғатында Alakol кентіне екi мағына берілген, біріншісі «бұталы алқап», екіншісі «кең жазықтық». Оның түбірі кеңею мағынасындағы көне ал- (алаң) етістігі деп көрсеткен. Егер бұл тұжырымды қаперге алсақ, онда Алакөліміз «кең, кең жайылған, түп түзу шалқар көл» деген семаны берер еді.

Нәтижелер. Ең бірінші Алакөлдiң түп-төркіні түске байланысты деген тұжырымға келсек, шынында географиялық мекендерде түске қатысты атаулар жиі кездеседі.

Зерттеуші Е.Керімбаевтың айтуынша Қазақстан жер-су атауларының жиырма пайызының өзі құрамында түсті бiлдiретiн сын есімдерден құралған: «қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағын, ұлан, т.б.» [9, 17].

Тіпті Есіл өзен атауының өзі түсті бiлдiредi, түркі тілдерінде «йашыл // йасыл-иешіл // есіл // жасыл // жашыл» [10, 171] болып айтылып жүрген осы көк түсті бiлдiретiн сөзден Есіл гидронимі жасалған, яғни «жасыл өзен» деген мағынаны беретін көне түркі сөзі.

Сол секiлдi Сеңгіртау деген атаудағы сеңгір сөзі де моңғол тілдерінде көк дегенді бiлдiретiнi анық.

Объектінің түр-түсін бейнелейтін топонимдер поэмаларда айтарлықтай көбірек кездесетінін зерттеушілер ескерген, мысалы тек қана Қозы-Көрпеш – Баян-Сұлу эпосын алсақ онда «Қаракөл, Сарысу, Алатау, Қаратау, Көкшетау, Қызылжар, Ақжар, Ақсәуле, Ақшатау, Ақкөл, Құбабел, Қызылбелбеу, Құбажон, Есіл (Жасыл)» [11, 13] атаулары кездеседі.

Жер-су атауларының құрамында кездесетін түс атаулары тікелей түсті емес, сол түс арқылы пайда болған ауыспалы өзге де семантикасы болатыны әбден дәлелденген: «Ақ» түсі егер бір гидроним атауында кездессе, «мұздай суық, тұнық, таза» мағыналарын береді. Егер «Ақ» сөзі антропоним құрамында орын алса, «жақсы, ақжарқын, текті, адал, кең, мол» деген мағыналарда қолданылады... ал *қызыл* деп аталатын су көп жағдайда «лас, лай, таза емес» суларды сипаттауда қолданылады» [12, 424].

Жер-су атаулары сөздігін жасаған ономаст ғалым Е. Қойшыбаев түстердің қосымша семантикасын келтіреді: «Слово *ақ* в ряде топонимических названий приобретает значение «корм», Ақтобе «травянистый холм», у древних тюрков страна света «восток». *Қара* употребляется в значениях «земля, грунт, холм, возвышенность, даль, запад». *Көк* может иметь значение «небо, небесный». *Сары* преимущественно выражает понятия «широкий, просторный, ясный, главный». *Қызыл* «мелкий» [3, 8].

Көне түркілердің бағыттарды түстермен бейнелегені жөнінде маңызды деректер бар. Осыған сәйкес, көк пен жасыл – шығысты, ақ – батысты, қызыл – оңтүстікті, сары – орталықты, ал қара – солтүстікті білдіреді [13, 207].

Расында, жер-су атауларындағы түс көне түркілерде бағытты аңғартқан болуы керек, сол түсінікке сай түріктер солтүстіктегі суды Қаратеңіз, батыстағыны Ақтеңіз деп атаған.

Лексиколог ғалым Ә. Қайдар *ақ* түсінің «киелі» деген семасын ашады: «Ақмола кейбіреулердің таяз түсінуіндей құбыжық атау емес, қазақ даласында кеңінен тараған Ақтөбе, Аққала, Ақкент, Ақсу, Ақкөл, Аққұдық, Аққұм тәрізді топонимнің бірі. Бұл арадағы *ақ* сөзі тек түр-түстік мағынасын ғана емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымы кең, «ақ», «таза», «адал», «қасиетті-қастерлі», «әулиелі» деген ауыспалы метафоралық бейнелеу мағынасында да қолданылады. Ақмола сөзі болса, бұл да «қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан» дегенді де аңғартады» [10, 104].

Ала түсін білдіретін сөздердің өзінде бірнеше сема болуы ғажап емес: «*Алатебін* деген атауда *ала* терминінің семантикалық жүктемесі ерекше, себебі алатебіндегі *ала* тұяғымен теуіп қар астындағы шөпті ақ қар астынан ашып, кейбір жерлерде қар аршылмай қалып, *ала* болып қалған қар басқан қысқы жайылымды сипаттайды. Осылайша *алатебін* толығымен пайдаланылмаған қыстық жайылымды білдіре бастады» [14, 55].

Ғ. Қоңқашбаев *ала* түсінен жасалған *Алатамыр* терминінің Қазақстанның шығыс бөлігінде қолданылатынын айта келіп, оларды «астық тұқымдас өсімдіктер мен көкпекті, жусанды сортаңдар кезектесіп келетін жерлер» [6, 40] ретінде сипаттайды.

Е. Қойшыбаев «ала»-ның семасы тіпті өзгеше деп ескертеді: «Ала «пестрый» в многочисленных топонимических названиях Казахстана выступает и в значениях «великий» или «гора» [3, 8].

Ала түсі тікелей өз мағынасынан бөлек көптеген ауыспалы семасы тілімізде кездеседі, мысалы: «Мінгенде аты ала-ды / Қылшық жүнді қара-ды» (Қобыланды батыр), – деген жолдардағы *ала* сөзі түсті емес «жылқыны» білдіреді. «Кер, құла» аттары да түсіне қатысты айтылып, кейін жалпы жылқыға, сәйгүлікке қатысты айтылып кеткен. Орыс тіліндегі *лошадь* сөзі де «ала ~ алаша ~ алаша ат» дегеннен келгені айтылады.

Толғамалы *ала балта қолға алып / Топ бастадым, өкінбен* деген Доспанбет жыраудың өлеңіндегі *ала* сөзі де түске қатысты айтылып тұрған жоқ, «соғыс балтасы» деген мәнді көрсетіп тұр. *Ала сүргін, ала қырғын* тіркестерінде осы «соғыс, шабуыл» мағынасы аңғарылады. Бұл туралы академик ғалым Рабиға Сыздықтың өзі ескертеді: «Ала сөзінің ертеректегі берген мағыналары әлдеқайда көбірек болған. Мысалы, ала топалаң, алай-

түлей, ала сапыран, алас-қапас дегендердегі *ала* сөзінде «бейберекет, тәртіпсіз, ретсіз, анық емес» деген мән бар. Осы мән ауа райына, табиғат құбылыстарына қатысты айтылатын *ала құйын, ала көлеңке, алағанишқы боран, ала таң, елең-алаң* сияқты сөздерде де байқалады» [15, 4].

Лингвист зерттеуші Гүлнар Сәрсекке *ала* сөзінің көп мағыналы екенін және тіпті кейбір семалары ұмытылып жатқанын алға тартады: «Ала сөзінің бір мағынасы – «өлтіру, қырып-жою» және «бүліншілік» ұғымы. Осы мағынасына *ала берен* сөзі, мағынасы – «ұрыс киімі», *ала ту* сөзі, мағынасы – «ұрыста ұстайтын ту» жатады. *Аламан* сөзінің құрамындағы *ала* сөзі де осыған ұқсас «талау, тонау» мағыналарын береді. Кейіннен «шапқыншылар тобы, тонаушы, талаушылар, тобыр» жинақтау мағынасына ауысқан» дей келе, *ала* сөзінің басқа мағынасы «келіспеушілік, араздық» екенін де еске салады: «Ала сөзі араздық семасында «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген қазақ мақалында сақталған. Дәл осы мағынасына *ала көз, алабұрту, ала ауыз* сөздері жатады. «Бейберекет, тәртіпсіз, ретсіз, анық емес» мағынасы *ала топалаң, алай-түлей, аласапыран, алас-қапас* сөздерінде сол сияқты табиғат құбылыстарына қатысты айтылатын *ала құйын, ала көлеңке, ала таң, елең-алаң* сөздерінде кездеседі» [16, 16].

Сондықтан жоңғарлармен талай соғысы өткен бұл жерлердегі тарихи фактіні ескергенде Алакөл ұғымымының талай соғыс өткен жер дегенмен байланысты болуын жоққа шығаруға болмайды.

Көлдердің көбі «қасиетті, киелі, құпияға толы, сырлы» деген мағынаға ие оны Ыстықкөл, Есік, Байкал (*бай* «киелі» деген сөз) т.б. атауларынан аңғарамыз. Ыстықкөл мен Есік атауларының бір екендігін тілтанушы ғалым Әбдіүәли Қайдар жазған: «Есік атауы да көне «Ысық» («қасиетті», «игілік-ті») сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз түркі тілдерінің даму заңдылығы бойынша түркі әлемінде: ысық-ызық-ыдық-ыйық-ысыах-ыһыах т.б. тұлғалық (олардың арғы түбі қазақ тіліндегі игі/ізгі сөздерінде сақталған) және мағыналық нұсқа түрінде қолданылған, қолданылып та келеді [10, 176].

Көне түркілер мекен еткен қасиетті атамекен, киелі жерді *ыдуқ йерсуб* деп, ондай мекенді *Өтүкен* деген, сол *йдуқ йер суб* қазақ тілінде *жерұйық* болып өзгеріп осы күнге дейін жетті.

Алакөл де солай «сиқырлы, тылсымы бар, құпиясы бар, жасырын» деген мәнді білдіру мүмкін деп жорамалдаймыз. Дәлел ретінде *Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында* мақалындағы *ала* сөзінің «ішкі сыр, құпия» семасында сақталғанын алға тартамыз. Көне ескерткіштер сөздігінде оның осы мағынасы тіркелген, мәселен Диуани лұғат-ит түрк ескерткішінде *ала* сөзі «адамның ішіндегі жасырын нәрсе, сыр; адам ішіндегі жаман ойлар» деп түсіндірілген де төмендегі мақал-мәтелдер берілген:

Қарға қарысын ким билір, киши аласын ким тапар «Қарға кәрісін кім білер, кісі аласын кім табар».

Киши аласы ичтин, йылқы аласы таштын «Кісінің жаман ойы ішінде, жылқының сыры сыртында» [4, 44].

Қырғыз, қарақалпақ тілдерінде бұл мақал қолданылуда және сөздіктерде төмендегідей түсіндірілген:

Адам аласы ичинде, мал аласы тышында (қырғыз мақалы) «Адамның жаман мінезі ішінде, жылқының ішіндегісі сыртында».

Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде (қарақалпақ мақалы) «Мал жануар жақтырмаса оны іс-қимылымен көрсетер, адам жақтырмаса ішінде ұстар» [17, 97].

Этнограф ғалым Серікбол Қондыбай *ала* түбірінен келген *Алги* мекенін қасиетті, киелі деп атағаны, *ала* сөзінде сондай мәнде екендігіне тағы бір дәлел бола алады.

Қарашаңдақ, Шадыра / Түркістан мен *Алгинұр* (Қашаған).

Қаратаудың белінен / *Алгидың* ала шөлінен (Сәттіғұл).

Алгида атам қонған ұлы жүз бар (Шығияз).

Алгидың құба жонына / Жайылған малын сыймаса (Ақтамберді)

Алгидың тауы биік, жері дала (Иса).

«Алғи – арғы қазақтардың киелі атамекеннің атауы. Ол Алағ йер – Алау йер – Алаш йердің (Алағ - ала және алағ - алығ - алғы - алғи болып өзгерген) яғни орта дүниенің (ала орта дүние) атауларының бір варианты болып табылады» [18, 161].

Ала деп киелі көлдерге қойылатынына қатысты тағы бір Әзербайжандағы Алагөл деп аталатын екі көлде осы күнге дейін қасиетті деп саналады: «Азербайжанда «Алагөлдер» деп аталатын екі көлдерде екі «су жылқысы» өмір сүреді деген наным болған. Бұл жылқылар тек түнде судан шығып, ешкімге көрінбей көл маңындағы жолдарда демалып жатқан, шаршаған немесе ауырған адамдарды ұйықтап жатқан кезінде алып кетіп, межелеген жеріне жеткізіп салып, қайтадан көзге түспей көлге оралады. Араға ұзақ уақыт салып, адамдар бұл құпияны аша бастайды. Халық көл жанына тасада жатып аңду ұйымдастырады. Сөйтіп, екі жылқының судан шығып, жолға қарай бет алғанын көреді. Алайда жылқылар адам барын сезіп, жылдамдықпен суға қайта сүңгиді. Осы оқиғадан кейін бұл жылқыларды көрдім деген ешкім болмаған. Осыдан кейін халық «Алагөлдер» мекенін киелі орын деп танып, бұл көлге лас нәрсе тастауды немесе ластап жіберуді күнә деп есептейді» [19, 70].

Қорытынды. Сайып келгенде Алакөл атауының семантикасы ең бірінші оның табиғи көрінісінен немесе көлде болатын құбылыстан судың түсінің өзгеруінен халық Алакөл деп атап кеткен тұжырым кеңірек таралып, ономаст ғалымдар тарапынан мақұлданған. Ғылыми кітаптар, сөздіктер мен оқулықтарда және мақалаларда осы қабылданған пікір басшылыққа алынады. Пікірдің қабылданатындай жөн бар, жоғарыда айтқандай, түркі жер-су атауларының едәуір көп бөлігі түс атауларынан құралған. Сондай-ақ *ала* сөзімен жасалған топонимдер, тіпті Алакөл деген көл аттары шығыстан батысқа дейін бүкіл түркі елдерінде кездеседі. Көлдің ертеректе Алакөт деп аталуы да оның ала түсінен келгеніне дәлел бола алады, өйткені моңғол және алтай тобына жататын тұңғыз-манжұр тілдерінде *ала* сөзі алағ/алак деген прототүркі нұсқаларында сақталған. Десек те тілдің бір қалыпта тұрмай дамып өзгеретінін, қазақ тілінде фонетикалық құбылыстардың соңында сөз тіркесінің тілде айтуға оңай формасына өзгеретіндей, Ұлы көлдің Алакөл болып айтылып кетуі ғажап емес, бірақ ғалымдар оған тек Алатаудың Ұлытаудан өзгергенін мысал ретінде алып, бір ғана дәлелмен келтіруі, қосымша тұжырымды мысалдардың болмауы ол этимологияны әлі де әлсіз етеді. Ал Алакөлдің түс атауымен байланыстығы әбден анық, алайда оның «ақ қара немесе алуан реңі» емес, топонимнің атауынан түстің ауыспалы мәнін іздеу арқылы атаудың түпкі семасы табылады. Сондай ауыспалы мағыналарының бірі ретінде Алакөлдің «жұмбақ көл, құпиялы, сырлы, одан барып қасиетті, киелі көл» дегенге келеді деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Әбдірахманов, Ә. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 58 б.
2. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
3. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимики Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1974. – 275 с.
4. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügati't Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 995 s.
5. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік. – 2010. – 356 б.
6. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алматы: Ғылым, 1963. – 187.
7. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы дүниенің топонимиялық бейнесі // Ономастикалық хабаршы. №2 (32). – 2016. – Б. 45-58. URL: <https://atau.kz/docs/3027.pdf>
8. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
9. Керимбаев Е. Лексика-семантическая типология орономии Казахстана, автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-ата, 1988. – 24 с.
10. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр І. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.

11. Қайдаров Ә., Мұқатаева А. Қазақ эпосындағы жер, су атаулары мен кісі аттары жайында // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – Б. 5-16.
12. Сейітова, Ш., Қасымова, А. Доскеева, Ш. Салыстырмалы аймақтық ономастика кеңістігі // Торайғыров университетінің хабаршысы, Филологиялық сериясы. №3. – 2020. –Б. 420-431. DOI: <https://doi.org/10.48081/HUZC3477>
13. Uysal İ.N., Coşkun H. Renge bağlı yer adları: Karaman/Sarıveliler örneği // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN, 2019, 68. s. 205-225. DOI: 10.32925/tday.2019.35
14. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
15. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
16. Сәрсекке Г. Тіл мәдениеті. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. – 114 б.
17. Адилов, М. Сөз мәнін талдай отырып, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді оқытудың жолдары // Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Түркітану сериясы. №3 (128). – 2019. – Б. 95-102 б. DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-95-102>
18. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.
19. Sarpkaya S. Azerbaycan Türklerinin efsanelerinde ekofolklor bakış açısıyla av, su ve ağaç // Folklor Akademisi Dergisi, 2022, 1 (5). pp. 59-77. DOI: 10.55666/folklor.1087187

М.Е. АДИЛОВ

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Қазақстан

М. ЭКИДЖИ

Эгейский университет, Измир, Турция

Б.С. ЖИЕМБАЙ

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан.

ЭТИМОЛОГИЯ НАЗВАНИЯ АЛАКОЛЬ: АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ВЗГЛЯДЫ И НОВЫЕ АСПЕКТЫ ТОПОНИМИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

Аннотация. История, происхождение и этимология топонимов – одна из самых сложных проблем в области топонимики. Когда речь заходит об одном названии, предлагается десять или двадцать различных научных выводов и анализов. Например, слово «казах» насчитывает более ста версий происхождения (есть даже одна отдельная книга, посвященная этимологии слова «казах»). О самом гидрониме Алаколь, смысл которого кажется вполне понятным, высказано около десятка научных мнений и выводов. Все представленные анализы разнообразны и выводы с друг другом не совпадают. Согласно наиболее популярному утверждению «ала» ассоциируется с названием цвета «пестрый», а другая группа находит его словом ала «великий», которое изменилось от слова «ұлы». В статье приводятся всесторонне проанализированные данные об Алаколе, в которых научная обоснованность данных анализируется дополнительными примерами и имеющимися фактами. Кроме того, параллельно дается семантика цветов, в том числе многие значения цвета «ала» в тюркских языках. Приводятся новые предположения по истории происхождения названия Алаколь.

Ключевые слова: Алаколь, цветообозначения, ала, топонимы, гидронимы.

M.E. ADILOV

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

M. EKİCİ

Ege University, Izmir, Turkey

B.S. ZHIYEMBAY

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ETYMOLOGY OF THE NAME ALAKOL: ALTERNATIVE PERSPECTIVES AND NEW ASPECTS OF TOPONYMIC ANALYSIS

Annotation. The history, origin and etymology of place names is one of the most difficult problems in the field of toponymy. When it comes to a single name, ten or perhaps twenty different scientific conclusions and analyses are proposed. There is so much data that the analysis of the word “Kazakh” alone has more than a hundred, and even one separate book is devoted to the etymology of the word “Kazakh”. About a dozen scientific opinions and conclusions have been expressed regarding the hydronym Alakol itself, the meaning of which seems quite understandable. All the presented analyses are diverse and the conclusions do not coincide with each other. According to the most popular theory, “ala” is associated with the name of the color “mottled”, while another group links it to the word *ala*, meaning “great”, which is derived from the word *uly*. This article provides a comprehensive analysis of the data on Alakol, evaluating the scientific validity of the findings through additional examples and available facts. Furthermore, the article explores the semantics of colors, including many meanings of the color “ala” in Turkic languages. New hypotheses on the origin of the name Alakol are also presented.

Keywords: Alakol, color names, ala, toponyms, hydronyms.

References

1. Abdirahmanov A. Toponimika zhane etimologiya. – Almaty: Gylym, 1975. – 58 b.
2. Zhanuzak T. Qazaq onomastikasy. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 524 b.
3. Koichubaev E. Kratkii tolkovyi slovar' toponimiki Kazakhstana. – Alma-Ata: Nauka KazSSR, 1974. – 275 s.
4. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügatit Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 995 s.
5. Zhanuzak, T. Tarihi zher-su attarynyn tuptorkini. – Almaty: Sozdik, 2010. – 356 b.
6. Konkashpaev G. Slovar' Kazahskikh geograficheskikh nazvani. – Almaty: Gylym, 1963. – 187 b.
7. Tileuberdiev B. Kazak onomastikasyndagy dunienin toponimiyalyk beinesi. Onomastikalyk habarshy, №2 (32)/2016. – B. 45-58 b. URL: <https://atau.kz/docs/3027.pdf>
8. Koishybaev E. Kazakstannyn zher-su attary sozdigi. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b.
9. Kerimbaev E. Leksika-semanticheskaya tipologiya oronomii Kazahstana, avtoref. dis.kand. filol.nauk. – Alma-ata, 1988. – 24 s.
10. Kaidar A. Gylymdagy gummyr I. – Almaty: Sardar, 2014. – 520 b.
11. Kaidarov A., Mukataeva A. Kazak eposyndagy zher, su ataulary men kisi attary zhayinda // Kazak onomastikasyndag maseleleri. – Almaty: Gylym, 1986. – B. 5-16.
12. Seyitova Sh., Kasymova A. Doskeeva Sh. Salystyrmaly aimaktyk onomastika kenistigi. Toraigyrov universitetinin khabarshysy, Filologialyk seriasy, №3/2020. – B. 420-431. DOI: <https://doi.org/10.48081/HUZC3477>
13. Uysal İ.N., Coşkun H. Renge bağlı yer adları: Karaman/Sarıveliler örneği. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten, (68), 2019, S. 205-225. DOI: <https://doi.org/10.32925/tday.2019.35>
14. Tileuberdiev B. Kazak onomastikasyndag lingvokonceptologiyalyk negizderi. – Almaty: Arys, 2007. – 280 b.
15. Syzdykova R. Sozder soileidi. – Almaty: El-shezhire, 2014. – 412 b.
16. Sarseke G. Til madeniyeti. – Pavlodar: PMPI Baspasy, 2011. – 114 b.

17. Adilov, M.E. Soz manin tal dai otyryp, frazeologizmder men makal-matelderdi okytudyn zholdary. L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy, Turkitanu seriasy, №3/2019. – B. 95-102 b. DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-95-102>
18. Kondybay S. Argykazak mifologiasy. – Almaty: DaikPress, 2004. – 512 b.
19. Sarpkaya S. Azerbaijan Türklerinin efsanelerinde ekofolklor bakış açısıyla av, su ve ağaç. Folklor Akademi Dergisi, (1), 2022, S. 59-77. DOI: <https://doi.org/10.55666/folklor.1087187>

Авторлар туралы мәлімет:

Әділов Марлен Ерланұлы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Адилев Марлен Ерланович – доктор философии (PhD), ведущий научный сотрудник Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Adilov Marlen Yerlanovich – Doctor of Philosophy (PhD), Researcher of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Metin Ekici – философия докторы (PhD), Эгей университетінің профессоры, Измир, Түркия

Метин Экижи – доктор философии (PhD), профессор Эгейского университета, Измир, Турция

Metin Ekici – Doctor of Philosophy (PhD), Professor of Ege University, Izmir, Turkey

Жиембай Бибігүл Сәуірқызы – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Жиембай Бибигуль Сауровна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhiyembay Bibigul Saurovna – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.